

«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Ата- аналар жиналысының хаттамасы

(Еркемай ересек тобы)

2025-2026жж

Хаттама №4

16.05.2026жыл

Қатысқаны: 21

Қатыспағаны: 4

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі. Мониторинг.
2. Жазғы демалысқа дайындық
3. «Гүл шоғы» тренинг
4. Балабақшамен қоштасуы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі Едресова А.Н. ата-аналарды балалардың бір жыл бойғы алған білімдері туралы қорытындылады. Балалар балабақшадан көп нәрсені үйренді.

Табиғатта өзін-өзі ұстау қарапайым мінез-құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, ағаш бұтағын сындырмау, гүлді жұлмау. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Өзінің сүйікті ертегілері мен әңгімелерін айтады. Ересектердің сұрақтарына толық жауап береді. Үстел басында өзін-өзі ұстау қарапайым ережелерін орындайды. Жақын адамдарына көмектесіп, қол ұшын беруді үйренді. Ата-аналардың пікірі тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Балабақша жазғы күндері де жұмысын тоқтатпайды, жазда балалар көп уақытын серуенде өткізеді, сол себепті басына жазғы қалпақтары болсын. Жазда шынықтыру жұмыстары және іс-шаралар өткізіледі. Жазғы айларда балаларына демалыс алуларына да болатынын ескертті.

Үшінші тәрбиеші ата-аналармен «Күннің нұры» деп аталатын тренинг өткізді. Тренингте ата-аналарға кішкене гүл шоқтары таратылып берілді, ата-аналар өздерінің гүл шоғына балабақшаға деген тілектерін, алғыстарын жазып, оны тақтада тұрған құмыраға әкеп жапсырды. Ең соңында, ата-ана мен тәрбиешінің біріккен жұмысының нәтижесі ретінде үлкен бір «Күннің нұры» пайда болды.

Балалардың балабақшамен қоштасуы туралы ата – аналармен ақылдасып, киім үлгілерін, болатын уақыты келісілді.

Қаулы:

1. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.
2. Балалар балабақшадан себепсіз қалдырылмасын.
3. Балабақшамен қоштасуына дайындық

Төрайымы:
Хатшы:



А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д

Хаттама №3

16.02.2026жыл

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 6

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.
2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
4. «Бала тәрбиесі ортақ міндет» дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады.Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші А.Н.Едресова балалардың ІІ тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді.Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы -наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті.

8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап костюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті.Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді.Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Бала тәрбиесі ортақ міндет» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Бала тәрбиесі ортақ міндет» баяндама оқып берді.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.

Төрайымы:
Хатшы:

del
st, CSD

А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д

Хаттама № 2

12.12.2025 жыл

Қатысқандар: 22 ата-ана

Қатыспағаны: 3 ата-ана

Бала саны: 25

Күн тәртібінде

- 1.Балалардың сөздік қорын молайту
- 2.Жаңа жыл мерекесіне дайындық
- 3.ата-аналарға сауалнама

Тыңдалды:

Топ тәрбиеші Едресова А.Н. ата-аналарға осы уақытқа дейін балалардың жеткен жетістіктерін ата-аналарға айтып берді.Балалар ән ,тақпақ айтып, тәртіптілікке ,әдептілікке үйренді."Жаңа жыл" мерекесін өткізу,оған топ балаларының түгел қатысуы.Жаңа жылдық киімдер бөлініп берілді.Ата-аналар жаңа жылдық сыйлықтарды талқылады.Мансурдың әжесі жаңа жылдық сыйлыққа ойыншықтармен тәттілерді ұсынды.Қалған ата-аналарды келісе кетті.
ата-аналарға сауалнама таратылып берілді.Әр ата-ана сауалнамаға өз аты-жөнін жазып,сұрақтарына жауап жазып толтырды.

Қаулы:

Ата-аналар балалардың киімдерін дайындайтын болды. Ата-аналар барлығы бірауыздан сыйлықтарын ата-ана комитетіне тапсырып өтті.Жаңа жылдық ертеңгілінің қызықты өтуіне ат салысатын болды.

Төрайымы:
Хатшы:



А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

01.09.2025ж.

Қатысқандар:22

Қатыспаған: 3

Тәрбиеші: Едресова А.Н.

Хатшы – Сүндетова А.Д.

Күн тәртібінде

1. Ата-аналарды күн тәртібімен таныстыру
2. Оқу-тәрбие жұмысымен таныстыру
3. Ата-аналармен жиналысты ұйымдастыру, өткізу
4. Көңіл көтеру, тренинг ертеңгілік мерекелеріне ата-аналарды қатыстыру

Тыңдалды:

1. Ата-аналар жиналысын Мусағалиева Гулшат Утемисовна ашып ата-аналарды оқу жылымен құттықтады. Балабақшаға келге әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің тігін бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды. Балаларыңыз балабақшаға келгеннен кейін, тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Балабақшаға бекітілген күн тәртібі бойынша жұмыс жасайды. Яғни таңертеңгілік жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу і-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан ояну, бесінді ас, ойын түрлері-барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Бұл топ балалары 4 жас аралығы болғандықтан, Ересек тобы деп аталады. Яғни "Еркемай" тобы деп аталады. Тәрбиешісі: Едресова А.Н.

2. Тәрбиеші Едресова Акбобек ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап із күшіне енеді. Және бір жылға жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың міндеті. Әр айдың 10-на дейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеуге міндетсіздер. Азанғы 8:30 дейін әкеліп кешкі сағат 18.00 дейін алып кетулерін және үстін таза ұстауларын ескертті.

Тәрбиеші: Едресова А.Н. ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды. Әдістемеліктерді атап өтті. Және де әр мереке сайын ертеңгілік, өтіледі. Мерекеде балаларға тақпақтар өлеңдер, билер үйретіледі. Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жібересіздер. Ата-аналар пікірін айтып өтті.

3. Тәрбиеші: Едресова А.Н. ересек тобы балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

4. Бұл жастағы балалар ересектермен қарым-қатынас жасауға өте ықыласты болады. Әртүрлі сұрақтар қойып, өздері білетін ертегілерді. Бар ынтасымен айтып береді. Фонематикалық есту, түсті ажырату. көз қыралығы, заттардың пішінін ажырату., қабілеттері жетіле түседі.

Ата-аналар арасынан бір ауыздан қолы бос жауапкершілігі мол. Ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Гульайым ата-ана
Наргиза ата-ана
Мейрамгул ата-ана

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын
2. Келісім шарттың барлық келісім шарттары орындалсын
3. Балабақша іс шараларына әр бала уақытыл қатыссын

Төрайымы:
Хатшы:



А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д.

Бала тәрбиесі – ортақ міндет

{ Эссе }

«Тәрбие басы тал бесіктен» дегендей, тәрбиенің бастауы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап тәлім-тәрбие беру жұмыстары басталады. «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» – деген мақал-мәтелдің өзінде астарлы терең мағына жатыр. Алдымен ата-ана болып отырған біздер, балаға үлгі-өнегені бізге қарап үйренетінін ұмытпау керек. Бала отбасымен көп уақытын өткізеді. Сондықтан баланың іс-әрекетін қадағалап, пайдалы істермен шұғылданып отыруына жөн сілтеп бағыт-бағдар беріп отыру. Бала ойымен санасып, дос бола білу, еңбекке баулу.

Баланың қоршаған ортасы да, бала тәрбиесіне әсер етеді. Ең қарапайым сұрақ баланың жақын досы кім, нені қалайды-қаламайды, дұрыс пен бұрысты ажырата білуге, өзінен үлкенді сыйлауға, өзінен кішіні аялауға, қиындық туындаған жағдайда басқаларға көмектесуді, басқалармен өзіндегі барды бөлісе білуге, үлкенге жол беруді, амандасуды үйрету.

Бала тәрбиесі – ортақ міндет болып табылады. Бала тәрбиесін балабақша, мектеп, ата-ана, қоғам болып тәрбиелеп көңіл бөліп, тәрбиелеуді қажет етеді. Ұлттық тәрбиемен сусындатып, салт-дәстүрімізді, тұрмыс-тіршілігімізді, тарихымызды таныстырып отыру. Қазақ халықының батырлары туралы ертегілер оқып, патриот ұрпақ тәрбиелеу. Саналы да сапалы білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, ұлттық әдеби жанрдағы ертегі, әңгіме оқып беру.

Қазіргі кезде бала тілінің кешігіп шығуы белең алуда, ата-ана ұялы телефонды балаға ойланбай ұстатып қоюы, соның салдарынан бала тілінің кешігіп шығуы мен есте сақтау қабілеті төмендеп кетуі және жүйке жүйесіне де әсер етіп отыр. Ата-ана ретінде өзіміз сол ұялы телефонды тиімді жағымен қолданып, балаға үлгі көрсете білу, кітап оқуды өзімізден бастау. Жас ерекшелігіне байланысты балаға ойын арқылы қызықтыра отырып, логикалық тапсырмалар орындатып, тәрбие мен білімді қатар алып жүру керек.

Бала деген өміріміздің жалғасы, бауыр етіміз, күніміз бен айымыз, айта берсек әдемі ұйқасты теңеулер өте көп. Әр нәрсенің екі жағы болады. Пайдалы және зиянды, сол сияқты бала тәрбиесінде таразыны тең басып, еркелетін кезде еркелетіп, тәрбие беретінде тізгіндеп, еңбекке де баулып, кейбір қарапайым жұмыстарды жасауға үйрету әрі ата-ана талап етуі керек деп ойлаймын. Болашақта жатып ішер жалқау болып қалмауы үшін еңбектің қарапайым түрінен бастап, жас ерекшелігін ескере отырып жұмыс жасату сапалы нәтиже мен жемісін береді. Ата-ана мен қоғам, балабақша және мектепте бала тәрбиесіне ортақ міндет деп, жауапкершілікпен қарап көңіл бөлу. Сонда ғана жемісті нәтижесін көре аламыз.

Едресова А.Н